

## №1 ХАТТАМА

Астана қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Өткізу күні: 27.08.2025 ж.

Өткізу форматы: офлайн

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2025–2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін айқындау.

Қатысқандар: 128

Қатыспағандар: 8 (5 – курста, 2 – денсаулығына байланысты, 1 – декреттік демалыста)

Күн тәртібі

1. Жаңа оқу жылының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы.  
*Абдигалиева Г.Т.*
2. Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы.  
*Калданова А.А.*
3. 2025-2026 оқу жылында "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" әдістемелік нұсқау хатындағы Арнайы мектептерде балаларды оқыту және тәрбиелеу туралы.  
*Байкенжеева К.Ж.*
4. "Адал азамат" бірыңғай тәрбие беру бағдарламасын іске асыру. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері.  
*Айтуарова Л.Н.*
5. Аттестаттау комиссияның 2025-2026 оқу жылына арналған жұмысы туралы.  
*Исенова М.Д.*
6. Үйде жеке оқыту жағдайы туралы.  
*Исенова М.Д.*
7. «Мектепке жол» акциясы және оқушыларды мектеп автобусымен тасымалдауды ұйымдастыру.  
*Ахмагамбетова Д.Е.*
8. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы.  
*Калемшиаров Н.*
9. Әртүрлі мәселелер.  
-жаңа педагогтарды таныстыру;  
-жаңадан келген педагогтарға арналған психологиялық тренинг.  
*Педагог-психологтар.*

1-сұрақ бойынша тыңдалды: Мектеп директоры Г.Т.Абдигалиева күн тәртібін таныстырып, мақсаттары мен міндеттерін айқындады. Жаңа оқу жылының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысындағы сөзі бейнеролик арқылы көрсетілді.

Астана қаласы Әдістемелік орталық әдіскері Маншук Марат жаңа оқу жылының білім саясаты бағыттарын атап өтті.

**Шешімі:**

2025–2026 оқу жылында мектептің ішкі тәртібі мен лауазымдық міндеттері қатаң сақталсын;

Педагогикалық әдеп қағидалары ұжымда тұрақты ұстанылсын;

Сынып жетекшілері мен әдістемелік бірлестік жетекшілері тағайындалсын;

Аттестациялық, сараптамалық, келісу, педагогикалық этика комиссиялары және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамы бекітілсін;

Мектептің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;

Педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес, әдістемелік кеңестің хатшысы болып М.А. Байгамысова тағайындалсын;

Сабақтың басталуы сағат 09:00-де белгіленсін.

**2-сұрақ бойынша тыңдалды:** А.А. Калданова мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы есеп берді. Қауіпсіздік шараларын сақтау және мектеп мүлкін ұқыпты пайдалану қажеттілігіне тоқталды.

**Шешімі:**

Мектептің санитарлық нормаларға сәйкестігі қамтамасыз етілсін;

Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған шаралар жалғастырылсын;

Ішкі еңбек тәртібі ережелері қатаң сақталсын.

**3-сұрақ бойынша тыңдалды:** К.Ж. Байкенжеева әдістемелік нұсқау хат негізінде арнайы мектептерде оқыту және тәрбиелеу ерекшеліктері туралы баяндады.

**Шешімі:**

«2025–2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын;

Сыныптарды жасақтау, сабақ кестесі және педагогтердің тарификациясы бекітілсін;

Тәрбие жұмысы және тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар 2025 жылғы 2 қыркүйекке дейін бекітілсін;

2 «Ә», 5 «Ә», 7 «Б» сыныптарында аралас оқыту ұйымдастырылсын, жеке күнтізбелік-тақырыптық жоспар әзірленсін;

Ата-аналарға оқу жылының басында бағдарлама мазмұны бойынша толық ақпарат берілсін.

**4-сұрақ бойынша тыңдалды:** Л.Н. Айтуарова «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру және тәрбие жұмысының ерекшеліктері туралы баяндады.

**Шешімі:**

Педагогикалық ұжым «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізсін;

Бағдарлама элементтері оқу үдерісіне кіріктірілсін;  
Мектеп асханасының жұмысы және оқушылардың сапалы тамақтануы бақылауға алынсын;

1 қыркүйек күні 0–1 сыныптар үшін «Мектеп – мейірім мекені!» атты Білім күні салтанатты жиыны өткізілсін;

2 қыркүйекте барлық сыныптарда «Менің Қазақстаным!» сынып сағаттары және 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары өткізілсін.

**5-сұрақ бойынша тыңдалды:** М.Д. Исенова Аттестаттау комиссиясының 2025–2026 оқу жылына арналған жұмысы туралы баяндады.

**Шешімі:**

Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары бекітілсін;

Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.

**6-сұрақ бойынша тыңдалды:** М.Д. Исенова үйде жеке оқыту жағдайы туралы баяндады.

**Шешімі:**

Үйде оқитын оқушыларға арналған жоспарлар әзірленсін, 2025 жылғы 2 қыркүйекке дейін бекітілсін;

Ата-аналарға жеке бағдарламаның мазмұны туралы толық ақпарат берілсін.

**7-сұрақ бойынша тыңдалды:** Д.Е. Ахмагамбетова «Мектепке жол» акциясы және мектеп автобусымен тасымалдау туралы баяндады.

**Шешімі:**

Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды қолдау жұмыстары жалғастырылсын; Оқушыларды мектеп автобусымен тасымалдауда қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.

**8-сұрақ бойынша тыңдалды:** Н. Калемшарав тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы және «Тіл туралы» Заңды орындау бойынша баяндама жасады.

**Шешімі:** 2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін;

«Тіл туралы» Заңды орындауға жауапты болып Г.С. Жұмабаева тағайындалсын.

**9-сұрақ (Әртүрлі) бойынша тыңдалды:** Директор Г.Т. Абдигалиева жаңа педагогтарды таныстырып, ұжымға жылы қарсы алуды ұсынды. Жаңадан келген педагогтарға психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

**Шешімі:**

Жаңадан келген педагогтер ұжымға кіріктірілсін және қолдау көрсетілсін;

Педагогтерге психологиялық қолдау жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Барлық мәселелер бойынша ұсынылған жоспарлар талқыланып, бірауыздан қабылданды.

**Төрайым:**



**Г.Т. Абдигалиева**

**Хатшы:** М.А. Байгамысова

Барлығы нөмірленген және тігілген

парақтар саны 3

Тігілген күні «20 шілде» 2025 жыл

Директор Г.Т. Абдигалиева

